

"Жуалы аудандық мәслихатының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалау әдістемесін бекіту туралы" Жуалы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 13 қарашадағы № 47-5 шешімнің күші жойылды деп тану туралы

Жамбыл облысы Жуалы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 18 қаңтардағы № 51-3 шешімі

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабының 5 тармағына сәйкес Жуалы аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Жуалы аудандық мәслихатының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалау әдістемесін бекіту туралы" Жуалы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 13 қарашадағы № 47-5 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2848 болып тіркелген, "Жаңа өмір" - "Новая жизнь" газетінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 132-133 (8554) сандарында жарияланған) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

2. Шешімнің көшірмесі мемлекеттік тіркеуден шығару үшін Әділет органдарына жіберілсін және аудандық "Жаңа өмір-Новая жизнь" газетінде жариялансын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жуалы аудандық мәслихат аппаратының басшысына жүктелсін.

Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
З. Султанмуратов

Аудандық
мәслихаттың хатшысы
Е. Тлеубеков